

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен тартылған мемлекеттік емес қарызды қайта құрылымдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы N 294 қаулысы

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңының 25-1-бабына сәйкес және "Өзен мұнай кен орнын оңалту" жобасын іске асыруды аяқтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қарызды жабу күнін 2003 жылғы 31 наурыздан бастап 2005 жылғы 30 маусымға дейін ұзарту жолымен "Өзен мұнай кен орнын оңалту" жобасын іске асыру үшін Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің (бұдан әрі - Кредитор) мемлекет кепілдік берген қарызын қайта құрылымдауды жүргізу мақұлданды.

2. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Кредитормен бірге қайта құрылымдау жүргізу үшін қажетті құжаттарды ресімдеуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Кредитордың арасында жасалған Кепілдік туралы келісім түрінде ресімделген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін ауыстырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі